

"Жана Мыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 201 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Жана Мыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2032 жылғы 12 маусымға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 9353,9419 гектар жер учаскелеріне қаумдық сервитут белгіленсін.

2. "Жана Мыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

С.Мусин

Қарқаралы ауданының
әкімдігінің
2026 жылғы "01" шілде
№ 201 қаулысына
қосымша

"Жана Мыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі (2026 жылғы 12 маусымдағы №4496-ЕЛ лицензиясы)

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	қауымдық сервитут белгіленуге жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Сеилканов Сунгат Сеилканович	09:133:064:158	3121,2848	2621,5592
2	Ахметов Бекзат Канафинович	09:133:064:073	0,5700	0,5700
3	Ахметов Бекзат Канафинович	09:133:064:100	3000,0000	402,9103
4	Сағанаев Гани Кадырақынович	09:133:064:085	3000,0000	2,42
5	Қарсыбек Қуаныш Жұмабекұлы	09:133:064:107	1497,8500	460,8074
6	Абикеева Бакытжан	09:133:064:101	2000,0000	95,8
7	Умбетбаев Болатбек Зарубаевич	09:133:064:047	2205,0000	1161,1
8	Қарсыбек Қуаныш Жұмабекұлы	09:133:064:106	2,1500	2,1482
9	Ахметов Бекзат Канафинович	09:133:064:148	839,0000	586,2622
10	Сеилканов Сунгат Сеилканович	09:133:064:015	4644,1200	1284,7832
11	Талюкенов Мурат Жанбурбаевич	09:133:064:147	3000,000	6,712
12	Қапбасов Нуртілек Жанатұлы	09:133:064:002	3058,0000	1163,46
13	Бастал ауылының жері	09:133:063		1565,4094
	Барлығы			9353,9419